

## Қылмыстық саясатты құқықтық қамтамасыз етудің кейбір сұрақтары

А.М. Ерғали

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Аннотация.** Автор мақалада қылмыстық саясатты құқықтық қамтамасыз етудің кейбір сұрақтарын қарастырған.

Қылмыстық саясат сияқты күрделі ұғым сәйкес құқықтық негізсіз қарастырыла алмайды. Қылмыстық саясатты құқықтық қамтамасыз ету туралы сөз қозғамас бұрын осы терминнің мағынасын ашып алу қажет деп ойлаймыз. Қолданыстағы экономикалық, философиялық сөздіктерді талдаудан өткізудің нәтижесінде «қамтамасыз ету» – алдыға қойылған жоспар, бағдарлама, жобаны жүзеге асыруға көмектесетін шаралардың, құралдардың жүйесі деген қорытындыға келеміз.

Яғни, құқықтық қамтамасыз ету дегенде біз қылмыстық саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру міндеттерін шешу барысында пайдаланылатын нормативтік құқықтық актілердің жүйесін түсінеміз. Яғни бұл қызметтің ерекшелігі, ол нормативтік құқықтық актілерде бекітіліп, мақсаты және міндеттері заңшығармашылық деңгейде анықталады.

Қылмыстық саясатты нормативтік құқықтық реттеудің қайнар көздері болып заңдар, халықаралық-құқықтық құжаттар, заңға сәйкес актілер табылады.

Заңдар қоғам өмірінің барлық маңызды салаларындағы мемлекеттік реттеудің шектері мен сипатын, мемлекеттің азаматтармен арақатынасын, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, әртүрлі билік органдарының міндеттерін, өкілеттіктерін белгілейді.

Халықаралық құқықтың жалпыға танымал қағидалары мен нормалары, халықаралық шарттар еліміздің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Халықаралық нормалардың тікелей әрекет етуінің саяси-құқықтық нәтижелері қолданыстағы және болашақ құқық қолдану тәжірибесіне байланысты. Бұл акті-

лерде қызметі қылмыстық саясатты жүзеге асырумен байланысты тұлғалардың құқықтары мен міндеттері бекітілген.

Заңға сәйкес актілерде қылмыстық саясаттың мақсаты, бағыттары, мазмұны және нысандары айқындалады. Ал олардың негізінде, нақты уақыт аралығында қылмыстық саясатты жүзеге асырудың басқару тәсілдері, басымдылықтары бейнеленген құқық қорғау органдарының заңға сәйкес нормативтік құқықтық актілері қабылданады.

Қылмыстық саясатты жүзеге асыру қылмыстылықпен күресті нормативтік қамтамасыз етуге байланысты құқық шығармашылық қызметінен басталады. Сондықтан да, қылмыстық саясат тек қылмыстылықпен күрес аясындағы заңнамалар ғана емес, конституциялық, азаматтық, қаржылық, салық, кеден және басқа да заңнамалар арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық саясатты құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында қазіргі кездегі нақты қауіпті ескере отырып, салалық заңнамалардың артта қалуын жеңу қажет.

Қылмыстық саясатты нормативтік құқықтық қамтамасыз етуге ақпараттық талдау, әдіснамалық, кадрлық аспектілерге қатысты субъектілердің қызметін реттеу жатады. Сәйкес нормативтік құқықтық құжаттар құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз етуге, қылмыстылыққа оңтайлы қарсы тұруға бағытталған.

Қылмыстық саясаттың заңнамалық аспектісі қылмыстылықпен тиімді күреске бағытталған, әртүрлі құқық салаларына жататын өзара байланысты заңнамалық актілерді дайындауды білдіреді. Яғни, бұл мағынада қылмыстық саясат қылмыстылықпен күрестің қылмыстық-

құқықтық және әлеуметтік-алдын алу шараларын анықтаудың мемлекеттік-құқықтық саяси негізі. Қылмыстық саясат қоғам дамуының объективті заңдылықтары мен мемлекетті реформалаудың қағидаларына сүйене отырып, қылмыстылықпен күрестің маңызды міндеттерін, әдістерін және құралдарын айқындайды.

Қылмыстық саясатты құқықтық қамтамасыз ету қылмыстық саясатты жүзеге асыру тиімділігін арттыру мақсатына қызмет етуі керек. Яғни, қылмыстық саясатты жүзеге асыру барысында нормативтік құқықтық базаның қаншалықты дәрежеде қоғам дамуының заңдылықтарына, мемлекеттің мүмкіндіктеріне, елдің құқықтық санасының деңгейіне сәйкестігі айқындалады.

Әлеуметтік саясаттың бір бөлігі бола отырып, қылмыстық саясат бірнеше дербес жүйелерден тұратын құрылым ретінде қарастырылады. Қылмыстық саясаттың құқықтық аспектісін қамтамасыз ететін жүйелерге қылмыстық-құқықтық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару құқық салалары жатады. Бұл салалардың әрқайсысы қылмыстылықпен күрес аясында белгіленген міндеттерді атқарады.

Заңнаманы және құқық қорғау механизмін жетілдіру, сәйкес құқықтық нормалардың көлемін, сипатын, құрылымын өзгертуді білдіріп, қылмыстық құқықтық, криминологиялық сипаттағы құқықтық қатынастарды реттейтін заңи нормаларды жүйелеуден, кодификациялау мен түсіндіруден тұрады. Осыған байланысты, заңнаманы жетілдірудің басты көрсеткіші болып қылмыстық саясаттың сапасы мен тиімділігін өзгерту табылады.

Қылмыстық саясатты құқықтық реттеуді жетілдіру қылмыстық немесе әкімшілік заңнамалардың нормаларын өзгертумен ғана шектеліп қоймайды. Бұл үдеріс қылмыстық саясаттың бүкіл заңи базасын өзгертуді қамтиды.

Қылмыстық саясаттың бағыты ретінде қылмыстық заңнаманы және құқық қорғау механизмін жетілдіру қылмыстық саясаттың жүйесін, оның элементтерін өзгертудің біртұтас және қарама-қайшы үдерісі ретінде жүзеге асырылады.

Қылмыстық саясатты құқықтық қамтамасыз етуде басты рөлді 2010-2020 жж. арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы атқарады.

Құқықтық саясат тұжырымдамасы мемлекеттің құқықтық саясат саласындағы тиісті бағ-

дарламаларын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалары жұмыстарының перспективалық және жыл сайынғы жоспарларын, Республиканың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Құқықтық саясат тұжырымдамасында: «Қазақстан Республикасы Конституциясының мемлекеттің заңнамалық, ұйымдастырушылық және басқа да шараларымен жүзеге асуы тиіс құқықтық идеялары мен принциптерін одан ары іске асыру қажет. Мемлекеттік және қоғамдық институттардың күш жігері елдің Негізгі заңының барлық конституциялық айқындамаларда қамтылған жасампаз әлеуетінің жүзеге асырылуы төңірегінде шоғырлануы тиіс. Заңнаманы жетілдіру процесінде және құқық қолдану қызметі барысында Конституцияның үстемдік принциптерін және төменгі деңгейдегі актілердің жоғары деңгейдегі актілердің нормаларына сәйкестігін бұлжытпай сақтау қажет.

Елдегі заңдылық режимін және құқықтық жүйенің тұрақтылығын да, сонымен қоса қолданыстағы Конституция шеңберінде ұлттық құқықтың қарышты дамуын да қамтамасыз ететін жүйелі шаралар қажет. Құқықтық саясатқа кешенді көзқарас барлық нормативтік құқықтық базаны мемлекет дамуының жалпы стратегиясы тұрғысында, оның ішінде нәтижелілік, ашықтық және есептілік принциптерінде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ететін мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін жасау жөнінен жаңғыртуға мүмкіндік береді» деп көрсетілген [1, 2 б.].

Яғни, 2010-2020 жж. арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы әлеуметтік маңызы бар өзекті проблемалардың кең ауқымын шешуге бағыттала отырып, қылмыстық-құқықтық аяда сәйкес заңнама саласын екі векторлы ізгілендіруге, қылмыстық іс жүргізуде – қылмыстық сот өндірісінің оңтайлы нұсқасын құруға, қылмыстық-атқару аясында қылмыстық юстиция аясына азаматтардың тартылуын төмендету және қылмыстық жазалау шараларын үнемдеуге бағытталған. Сонымен қатар, құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық саясаттың жазалау сипатын қалпына келтіру сипатына өзгерту қажеттілігі баса көрсетілген.

Сонымен, жоғарыда баяндалғандарды

қорыта келе, қылмыстық саясатты құқықтық қамтамасыз етуді жетілдірудің маңызды бағыттары ретінде төмендегілерді көрсетуімізге болады:

- қолданыстағы заңнаманы Қазақстан Республикасының Конституциясына және қылмыстылықпен күрес аясындағы халықаралық құқықтық міндеттемелермен сәйкестендіру;

- қылмыстық саясаттың элементі ретінде заңнаманы ізгілендіру;

- қылмыстық саясатты жүзеге асыру барысында әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету;

- қылмыстардан сақтандыруды қамтамасыз ететін заңнамалық актілерді дайындау;

- әртүрлі ғылым салаларының жетістіктерін қылмыстылықпен күрес барысында қолдануды заңнамалық кеңейту.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 28 тамыз. – №281-283 (25680).

**А.М. Ергали**

В данной статье автор рассматривает некоторые вопросы правового обеспечения уголовной политики

**A.M.Ergali**

In this article the author examines some of the legal support of criminal policy.